

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Химия және химиялық технология факультеті
Физикалық химия, катализ және мұнайхимиясы кафедрасы



Келісілді

Факультет деканы

М.А. Досебаева

«02» шілде 2025 ж.

Педагогикалық тәжірибе
БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандық «7М07101 -Мұнайхимия»
(06.10.2025-13.12.2025, 10 апта)

Алматы қ. 2025

Педагогикалық тәжірибе бағдарламасын «7М07101 - Мұнайхимия» мамандығының НОБ (ТОБ) негізінде физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының оқытушысы Амантайұлы Қ. құрастырған.

Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасы отырысында талқыланып ұсынылды
Хаттама № 29 « 24 » маусым 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі



Е.А. Әубәкіров

1 Педагогикалық тәжірибенің мақсаты мамандану пәндері бойынша бакалаврларға сабақ жүргізуде және оқыту құжаттарын жасауда, педагогика, психология және кәсіби дайындауда алған теориялық білімдерін практикада жүзеге асырудың әдістерімен тәсілдерін магистранттарға оқыту болып табылады.

2 Педагогикалық тәжірибенің міндеті:

- Өртүрлі сабақтарды (лекция, лабораториялық, семинар, СОӨЖ) ұйымдастыру, оқу-әдістемелік құжаттарды құрастыру және студенттермен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру әдістемелері бойынша магистранттарға қажетті білім беру;

- Магистранттардың арнайы пәндер бойынша сабақ жүргізу барысында *білімі мен біліктілігін* жетілдіру, қазіргі заманғы қабылдау және оқытудың ұйымдастыру әдістерімен эффективті жоғарылатуды игеру.

3 Оқу жоспарының құрылымындағы тәжірибенің орны Педагогикалық тәжірибе докторантура оқу бағдарламасының оқуға міндетті компоненті болып табылады.

4 Тәжірибе өту орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физикалық химия, катализ және мұнайхимиясы кафедрасы.

5 Тәжірибе базасы – аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Химия және химиялық технология факультеті.

6 Тәжірибеден өту нәтижесінде туындайтын құзыреттіліктер

Курстың мақсаты: докторанттарға кәсіби біліктіліктер жүйесі:

6.1 Функционалдық: мамандық базалық білімінің контекстіне жаңа білімінің қабілеттілігін қамту және оның мазмұнын түсіндіру; оқу жағдайды талдау, оны шешу бағыттарын ұсыну;

6.2. Жүйелік: жинақтау қабілеті, аса маңызды практикалық міндеттер бойынша алынған нәтижелерді интерпретациялау және бағалау.

6.3.Әлеуметтік: студенттік тобында сындарлы оқу мен әлеуметтік өзара іс-қимыл және ынтымақтастық қабілеті; сын және сынға қабылдауға; командада жұмыс істеу.

6.4 Метақұзыреттілік: педагогикалық тәжірибенің рөлін сезіну қабілеті, жеке оқу траекториясын іске асыру.

7 Студенттің тәжірибе кезіндегі құқықтары мен міндеттері

Магистрант практиканың өту аралығында практиканың дұрыс өтілуі үшін барлық қажетті материалдар, әдебиеттік нұсқаулар, оқу материалдары, ашық сабақ пен қорытынды іс-шараларды өткізуге дайындалу үшін тапсырмалармен толықтай дерлік дер кезінде қамтамасыз етілуі керек. Магистранттар практиканың қарастырылған бағдарламасына сәйкес практиканың өтілу кестесін, барлық түрлі оқу және оқу-әдістемелік, педагогикалық және тәрбие жұмыстарын қатаң түрде қадағалауға тиісті. Мерзімді уақытында пәндік және әдіскер оқытушылары мен психологтың жеке берген тапсырмаларын орындамау, кешігу, келмей қалу және сабақ өткізбеу рұхсат етілмейді.

8. Тәжірибе жетекшісінің құқықтар мен міндеттері

Сабақтарға міндетті қатысу, кешігуге жол бермеу. Оқытушыға ескертусіз сабаққа келмей қалу немесе кешігу 0 баллмен бағаланады.

Тапсырмалардың, жобалардың, емтихандардың (СӨЖ, аралық, бақылау, зертханалық, жобалық және т.б. бойынша) орындау және өткізу мерзімін сақтау міндетті. Өткізу мерзімі бұзылған жағдайда орындалған тапсырма айып баллын шегере отырып бағаланады.

9 Тәжірибе кезендерінің құрылымы мен мазмұны

9.1 Пассивті (таныстыру) тәжірибесі. Белсенді емес тәжірибе:

Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес сабаққа қатысу.

Негізгі оқытудың кредиттік технологиясымен танысу.

Білімді бағалаудың сәйкесінше балдық-рейтингтік жүйесінің әдістемесімен танысу.
Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемесі.
Оқытудың белсенді әдісі. Жобалар әдісі. Топтық жобалар.
Лекция сабақтарына құрылымдық-логикалық схемаларды құрастыру әдістері.
Фрейм әдісі.
Пәннің оқу-әдістемелік құжаттарын құрастыру әдістерімен танысу.
Сабақтың түрлеріне байланысты (лекцияның конспектасы, ашық сабақты өткізудің жоспары, лабораториялық сабақты өткізудің жоспары, дидактикалық материалдар, тесттік тапсырмалар, есептер шығару және т.б.) оқу-әдістемелік құжаттарды құрастыру.
Психологтың тапсырмасымен тәрбиелік сипатта іс-шараларға дайындық.
Ситуацияны анализдеу және ұйымның таңдаған бағытына қарай студенттерді демалдыру.

9.2 Белсенді тәжірибе:

Сабақ жүргізу (дәрістер, семинарлар, лабораториялық, СОӨЖ).
Студенттердің өзіндік жұмысын бағалап, білімдерін бақылау және қабылдау.
3 ашық сабаққа дайындалып өткізу (дәрістер, семинарлар, лабораториялық, СОӨЖ).
Тәрбие сипатында қорытынды іс-шараны өткізу.
Талапқа сәйкес есептері мен құжаттарын толтыру.

10 Тәжірибе кезеңінде орындалатын СӨЖ түрлері

Педагогикалық практиканың нәтижесі бойынша магистранттар келесі құжаттарды дайындауға міндетті:

- Практиканы өткізу кезеңінде жүргізілген түрлі практикадағы қызметтері толтырылған және оқытушы-әдіскер мен кафедра жетекшісінің қолы мен күні қойылған күнделік;
- Практиканы өткізгендігі бойынша пәндік-педагог және психологтың бағалауымен пәндік-педагог, педагог-әдіскер, практика жетекшісі және кафедра меңгерушісінің қолдары қойылып мөрмен бекітілген жазбаша есеп;
- 3 сынақ сабаттарының конспектасын жасау;
- Ашық қорытынды сабақтарының бағаланып талқыланған пәндік-педагог, педагог-әдіскер, практика жетекшісі және кафедра меңгерушісінің қолдары қойылған хаттама.

11 Аттестациялау түрлері мен аттестациялаудан өткізу уақыты

Педагогикалық практика 06-қазаннан бастап 13-желтоқсанға дейін 10 апта бойы ЖОЖ-ның академиялық календарына сәйкес жүргізіледі.

Магистранттар практикаларын бітіруші кафедраларындағы ғылыми жетекші болып табылатын пәндік-педагогтардың жетекшілігімен өткізеді. Жалпы практиканың жүргізілуіне кафедра меңгерушісі бекіткен оқытушы әдіскер басшы болып табылады. Магистранттар практиканың Күнделігімен қамтамасыз етіледі. Практиканы өту мен ашық сабақты өткізу кестесі кафедра мен факультетте бекітіліп университет жанындағы ЖКИ-ге өткізіледі.

12 Бағалау критерийлері

Практиканың қорытындысы бойынша магистранттар есеп көрсетуге міндетті. Оқытушылардың қатысуымен кафедраның отырысында есеп ауызша талқылануы тиіс. Магистранттардың оқу жұмыстарының нәтижесінде практиканың қорытынды шешуші бағалары бойынша кафедра шешім қабылдайды.

Педагогикалық практиканың бағасы педагог-әдіскер, психолог, пәндік-педагог және кафедраның шешімі мен дауыс беруінің негізінде қойылады. Ең жоғарғы баға – 100 балл.

Практика жетекшісі



Қ. Амантайұлы